

«Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» ШЖҚ РМК (бұдан әрі – Аурухана) профессор-оқытушылар құрамының ар-намыс кодексі

1. Аурухананың оқытушысы Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын және Қазақстан Республикасының өзге нормативтік құқықтық актілерін, Аурухана жарғысын, Ішкі тәртіп қағидаларын және Аурухана директорының басқа да бұйрықтарын, осы Кодекстің ережелерін сақтайды.
2. Аурухананың оқытушысы жалпы адамзатқа ортақ моральдық-этикалық нормаларды сақтайды, ұлтаралық араздық көрсетілгенде, діни экстремизмге, ұлтшылдыққа, сыбайлас жемқорлыққа қарсы келеді.
3. Аурухана оқытушысы жынысына, жасына, ұлтына, діни сеніміне, азаматтығына, нанымына, тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, біліміне, еңбек өтіліне қарамастан адамның құқықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтейді.
4. Аурухана оқытушысы елдегі тәртіпті тұрақсыздандыруға бағытталған ақпаратты таратуға жол бермейді, сондай-ақ рұқсатсыз жиналыстарға, демонстрацияларға, митингілерге, пикеттерге, акциялар мен шерулерге қатыспайды.
5. Аурухана оқытушысы - педагогикалық, ғылыми-инновациялық, клиникалық, тәлімгерлік және тәрбие жұмысын белсенді жүргізетін кәсіби маман.
6. Аурухана оқытушысы резиденттердің жоғары оқу сапасы, ғылыми зерттеулер, резиденттерге тәлімгерлік жасау және академиялық басқару үшін жауапкершілікті сезінеді.
7. Аурухана оқытушысы оқу бағдарламаларының стандарттары мен талаптарын қатаң сақтайды, оқу-білім беру процесінің бекітілген тәртібіне өз бетінше өзгерістер енгізуге болмайды деп есептейді.
8. Аурухана оқытушысы үнемі өзінің кәсіби деңгейін арттырады, инновациялық технологияларды дамыту және енгізу бойынша ғылыми-зерттеу жобаларын орындайды.
9. Оқытушы Аурухана семинарларына, шеберлік кластарына, конференцияларына белсенді қатысады.
10. Аурухана оқытушысы даулы жағдай туындаған кезде оларды шешу жолдарын өздерінің құрылымдық бөлімшелерінде табуға тиіс, қанағаттанғысыз нәтиже болған жағдайда мәселелерді қарау және дауды шешу үшін Аурухананың тиісті әкімшілік және қоғамдық ұйымдарына жүгіне алады.
11. Аурухана оқытушысының міндеті - Резидентте ұқыпты қарым-қатынастың және Аурухананың адамгершілік моральдық-этикалық құндылықтары мен дәстүрлерін сақтаудың саналы уәждемесін (мотивациясын) қалыптастыру және дамыту; резиденттің еркіндігін, ар-намысы мен қадір-

қасиетін құрметтейді, негізсіз айыптауларға, дәрекілікке, жөнсіздіктерге жол бермейді.

12. Оқытушы – патриот (елімшіл), өзінің әрекетімен және мінез-құлқымен көп қырлы қызметінің барлық салаларында Аурухананың беделі мен абыройын сақтайтын және нығайтатын, Аурухана саясаты мен корпоративтік рухты ұстанушы.

13. Аурухананың оқытушысы Кодекс нормаларын бұзу фактілеріне жол бермейді және жолын кеседі.

14. Оқытушылардың этикалық-моральдық бұзушылықтары Тәртіптік комиссияның талқылауына шығарылады.

15. Осы Кодекстің нормаларын, Жарғыда және басқа да нормативтік құжаттарда көзделген қағидаларды бұзғаны үшін жеке іске енгізе отырып, тәртіптік жаза (ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс), Ауруханамен еңбек шартын бұзу шаралары қолданылады.

Мен _____,

білім беру бағдарламасының оқытушысы Аурухананың ПОҚ ар-намыс кодексімен таныстым және оның барлық ережелерін орындауға міндеттенемін.

20__ ж. «__» _____
(қолы)

Аурухана ПОҚ ар-намыс кодексі 2 данада жасалды, бір данасы оқытушының жеке ісінде сақталады, екінші данасы оқытушының қолына беріледі.